

Freedom Broker 2025 жылдың қорытындысын шығарды

2026 жылғы 12 ақпан, Алматы

Freedom Broker-дің қолданыстағы клиенттік шоттарының жалпы саны 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 342 мың шотты құрады. 2025 жылы бағалы қағаздармен 38,4 млн мәміле жүзеге асырылып, 114,3 мың жаңа брокерлік шот ашылды, бір жыл бұрынғы осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда 12%-ға көбірек болып отыр.

Freedom Broker клиенттерінің арасында үздік 5 акция (2025)

Мәмілелерінің көлемі жағынан

Қазақстан нарығы			Америка нарығы		
	Атауы (тикер)	Мәміле сомасы (млн АҚШ доллары)		Атауы (тикер)	Мәміле сомасы (млн АҚШ доллары)
1	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (KZAP)	41,2	1	Petrobras (PBR)	9 698,6
2	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (KZAPD)	16,5	2	Occidental Petroleum Corporation (OXY)	5 532
3	«Kaspi.kz» АҚ (KSPI)	16,3	3	Nvidia (NVDA)	5 394,8
4	Nvidia (NVDA KZ)	15,6	4	Tesla (TSLA)	3 383,3
5	Intel Corporation (INTC_KZ)	15,1	5	Newmont Corporation (NEM)	3 345,9

Мәмілелерінің саны жағынан

Қазақстан нарығы			Америка нарығы		
	Атауы (тикер)	Мәмілелер саны (мың)		Атауы (тикер)	Мәмілелер саны (мың)
1	«ForteBank» АҚ (ASBN)	42,1	1	Nvidia (NVDA)	200,6
2	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (KZAP)	38,8	2	Tesla (TSLA)	174,3
3	«Эйр Астана» АҚ (AIRA)	34,5	3	Marathon Digital Holdings (MARA)	94
4	«Kaspi.kz» АҚ (KSPI)	23,5	4	Advanced Micro Devices Inc (AMD)	82,1
5	«KEGOC» АҚ (KEGC)	17,4	5	Palantir Technologies (PLTR)	75,7

Төртінші тоқсанда Freedom Broker клиенттік сервистің сапасын арттыруға бағытталған ITS (International Trading System) компаниясымен технологиялық әріптестікті күшейтуді жалғастырды. ITS - Freedom Broker клиенттері үшін сауда-саттық көлемі жағынан жетекші алаң, ал Компанияның ондағы үлесі 91%-ға жетеді.

2025 жылғы 29 желтоқсанда Freedom Finance Global «Астана» халықаралық қаржы орталығының реттеушісі - Astana Financial Services Authority (AFSA) компаниясынан жаңартылған лицензия алды. Жаңартылған лицензия шеңберінде Компания өз клиенттеріне

брокер ішінде (Providing Custody) кастодиандық қызмет көрсетуге де, сондай-ақ өзге де есепке алу-есеп айырысу ұйымдарында (Arranging Custody) клиенттік активтерді кастодиандық сақтауды ұйымдастыруға да құқығын бекітті.

Клиенттерге ұсынылатын құралдар спектрін кеңейту жөніндегі жоспарларды іске асыру шеңберінде желтоқсан айында Freedom Finance Global криптосервистер саласындағы стратегиялық ынтымақтастық мүмкіндіктерін зерделеу үшін Binance Kazakhstan-мен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Клиенттерге сауда мен цифрлық активтерді басқаруға қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Binance шешімдерін Freedom Broker инфрақұрылымына интеграциялау жоспарлануда.

Өңірлік дамуды күшейту тұрғысынан Freedom Broker компаниясының Атырауда жаңартылған офисінің ашылуы маңызды қадам болды. Заманауи үй-жай қаржылық сауаттылықты арттыру үшін консультация беру аймақтарын, оқу залын, цифрлық инфрақұрылымды және өңірдегі алғашқы Freedom Academy-ді біріктірді. 10 жылда филиал компанияның елдегі негізгі стратегиялық орталықтарының біріне айналды.

Freedom Broker KASE биржасындағы мүшелердің белсенділік рэнкингінде көшбасшылығын одан әрі сақтап келеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Freedom Finance Global нарықтың корпоративтік облигациялар және мемлекеттік бағалы қағаздар сияқты екі секторында, ал «Фридом Финанс» АҚ РЕПО секторында бірінші орынға жайғасты.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Freedom Broker Қазақстан қор биржасында (KASE) саудаланатын бағалы қағаздардың 96 атауы бойынша, Astana International Exchange (AIX) биржасында саудаланатын бағалы қағаздардың 28 атауы бойынша және ITS-те 2,9 мың құрал бойынша маркетмейкер болып табылады.

Freedom Finance Global-дың 2025 жылғы нәтижелері

Freedom Finance Global-дың активтері есепті кезеңнің қорытындысы бойынша 295,8 млн АҚШ долларын құрады. Бір жылдағы көрсеткіштің 11,8%-ға артуы компанияның шоттарындағы қаражат пен оның баламасының 88,5 млн АҚШ долларына немесе 206%-ға өсуіне байланысты.

Есепті кезеңдегі міндеттемелер 93,1 млн АҚШ долларына немесе 59%-ға қысқарып, 65,6 млн долларды құрады. Мұндай төмендеу акционерге алдыңғы есепті кезеңде есептелген 94 млн АҚШ доллары мөлшерінде дивидендтер төлеуге байланысты.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша меншікті капитал 369,1 млн АҚШ долларын құрады, есепті кезеңде бөлінбеген пайданың ұлғаюы нәтижесінде 263,1 млн АҚШ долларына немесе 248%-ға ұлғайды.

Есепті кезеңдегі таза пайда 115,1 млн АҚШ долларын құрап, бір жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда 33,5%-ға төмендегенін көрсетті. Бұл көбінесе операциялық шығыстың 64,3 миллион АҚШ долларына немесе 168%-ға өсуіне байланысты. Бұл ретте пайыздық кіріс 52,6 млн АҚШ долларына немесе 19%-ға ұлғайды. Сондай-ақ, комиссиялық кіріс 72,7 миллион АҚШ долларына немесе 107%-ға өскендіктен, комиссиялық шығыстың 104,3 миллион АҚШ долларына немесе 77%-ға өскенін атап өткен жөн.

«Фридом Финанс» АҚ-тың 2025 жылғы нәтижелері*

Активтер 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2025 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 80,1 млрд теңгеге немесе 28%-ға азайып, 205,5 млрд теңгені құрады. Мұның осылай төмендеуіне 2025 жылы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің екі рет көтерілуі, сондай-ақ тікелей РЕПО операциялары көлемінің бір мезгілде 111 млрд теңгеге немесе 91,5%-ға қысқарып, сауда портфелінен қағаздардың бір бөлігін сату нәтижесінде бағалы қағаздардың әділ құнының төмендеуі себеп болып отыр.

Міндеттемелер 112,5 млрд теңгеге немесе 91%-ға азайып, жоғарыда көрсетілген тікелей РЕПО операциялары көлемінің қысқаруына байланысты 11,2 млрд теңгені құрады.

Меншікті капитал 2025 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 32,4 млрд теңгеге немесе 20%-ға өсіп, 194,4 млрд теңгені құрады. Жарғылық капитал 128 млрд теңгеге дейін 24,5 млрд теңгеге ұлғайтылды.

Бір жыл ішінде таза пайда 7,9 млрд теңгені құрады. Өткен жылға қарағанда көрсеткіштің 1,6 млрд теңгеге немесе 17%-ға қысқаруы, негізінен, жоғарыда айтылғандай, сауда портфеліндегі бағалы қағаздардың әділ құнының төмендеуіне байланысты.

Анықтама:

* 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Фридом Финанс» АҚ-тың жекелеген қаржылық есептілігінен (аудиттелмеген) негізгі қаржылық көрсеткіштер.

Freedom Finance Global – бұл бөлшек инвесторларға қызмет көрсетуге мамандандырылған жаңа мүмкіндіктері бар брокер. Компания АХҚО-да тіркелген, AFSA лицензиясы бар және ағылшын құқығының элементтері бар қызметті жүзеге асырады. Freedom Finance Global компаниясы клиенттерінің халықаралық қаржы нарықтарындағы биржалық операцияларға (NYSE/NASDAQ, London Stock Exchange, HKEX, Frankfurt Stock Exchange), KASE және AIX, сондай-ақ холдингінің ең танымал және сұранысқа ие қызметі - бастапқы орналастыруларға қатысуға (IPO) тікелей мүмкіндігі бар.

«Фридом Финанс» АҚ өз клиенттеріне KASE және AIX биржаларында брокерлік қызмет көрсетеді, бағалы қағаздардың баға белгіленімдерін қолдайтын маркетмейкердің қызметтерін, борыштық және үлестік қаржыландыруды ұйымдастыруды, қаржылық консалтинг саласындағы қызметтерді ұсынады.

Компаниялар Freedom Holding Corp. халықаралық инвестициялық тобына кіреді. Холдингінің акциялары (15.10.2019 жылдан бастап) NASDAQ Capital Market биржасында FRHC тикерімен орналастырылған. Freedom Holding Corp. қызметін Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссия (SEC, АҚШ) реттейді.

БАҚ үшін байланыс деректері: pr@ffin.kz